

«Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК
Педагогикалық кеңес отырысының

№2 Хаттамасы

Ақтау қаласы

02.12.2022 ж.

Қатысқандар саны: 59

Қатыспағандар саны: 2

Күн тәртібінде:

1. Маңғыстау туризм колледжінің қызметін аттестациялауда белгіленген өлшемшарттары негізінде өзін-өзі бағалаудың қортынды есебі, бағалау.
2. Әр түрлі мәселелер.

Қаралды:

Күн тәртібінің мәселесі бойынша басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары - Чекрыжова С.А. сөз алды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығын (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттарын) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 10.11.2022 ж.17 – 19/01 – 221 № 1205 нұсқау хатына және 30.11.2022 жылғы колледждің №1 педкеңесінің қаулысына сәйкес Маңғыстау облысы білім басқармасының «Маңғыстау туризм колледжі» МКҚК 2022 жылдың 24.10-02.12. күндер аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарында бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарын талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

МЖМБС жалпы талаптары мен бағалау өлшем шарттары көрсеткіші бойынша:

1.1 Дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің 2018-2019ж., 2019-2020ж., 2020-2021ж., 2021-2022ж., 2022-2023ж. үлесі-үздік;

1.4 Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер және магистрлердің үлесі 2019-2020ж., - жақсы деңгейді көрсетсе, 2018-2019ж., 2020-2021ж., 2021-2022ж., 2022-2023ж. – үздік деңгейде немесе жоғарлағаның көрсетіп отыр.

1.6. Мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша санынан ұйымдарда және өндірісте соңғы 3 жылда көлемі кемінде 72 сағат тағылымдамадан өткен лицензиат негізгі

жұмыс орны болып табылатын арнайы пәндер педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің 2020-2021ж., 2021-2022ж., 2022-2023ж. үлесі- үздік;

1.7 Магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің 2018-2019ж. үздік деңгейде болса, 2019-2020ж., 2020-2021ж., 2021-2022ж., 2022-2023ж. үлесі -жақсы;

1.8 Студенттердің тұруы үшін жағдайлар жасау жатақханаларда тұруын қамтамасыз ету көрсеткіші 2018-2019ж., - орташа деңгейде болса, бүгінгі таңда – үздік көрсеткішті көрсетуде.

1.9 Білім беру ұйымдары түлектерінің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы және жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітіру жылы ішінде бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың үлесі 2018-2019ж., - үздік деңгейді көрсетті. 2019-2020ж., 2020-2021ж., 2021-2022ж.-орташа деңгейде.

1.10 Интернет желісіне қосылу- 5 жылдық көрсеткіш бойынша үздік деңгейде.

2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар. 2.1. Базалық және кәсіби модульдерді меңгеруі - 2018-2019ж., 2019-2020ж. - орташа, 2020-2021ж., 2021-2022 оқу жылында «жақсы» деген көрсеткішті көрсетіп отыр.

Колледж директоры Утебаева М.Н. сөз сөйледі. Еліміздің индустриялық-инновациялық даму міндеттері ауқымының жедел қарқынымен өсуіне байланысты техникалық және қызмет көрсету еңбегінің кадрларын даярлауда сапалы ұмтылыстың қажеттілігі туындап отыр. Осыған байланысты елімізде заман талабына сай білімді, озық технологияларды жетік меңгерген, кәсіби білікті жұмысшы мамандар даярлауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында үлкен міндеттер мен талаптар жүктеліп отырғаны белгілі.

Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес тиісті жауапты мамандардың уақытылы ақпараттарын дайындап, қажетті құжаттарды жинақтап Маңғыстау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне 2022 жылдың 5-желтоқсанына дейін тапсыру міндеттеледі.

Шешім:

1. Маңғыстау туризм колледжінің қызметін аттестациялауда белгіленген өлшемшарттарына негізінде өзін-өзі бағалаудың қортынды есебі «жақсы» деген деңгейде бағалансын. Аталған кемшіліктерге сәйкес мәліметтер толықтырылсын.
2. Мәліметтер жинағын жүргізіп, уақытылы Маңғыстау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне тапсыру оқу бөліміне міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:



М.Н.Утебаев

Д.Ж.Нугманова